

## Әмірқұлова Ж.А.<sup>1</sup>, Рыскиева А.Ә.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доцент, филос.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

<sup>2</sup>филос.ғ.к., I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті шетел тілдері және  
аударма ісі кафедрасы, Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: abuaymjan@gmail.com

### ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БОЛМЫСТЫҚ ТЕГІ МЕН ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Фольклорлық туындылар арқылы қазақ халқының тегі мен болмысы, оның дүниелік танымы мен көзқарас нұсқаларын анықтап, оған ғылыми пайымдау жасау өзектілігі артуда. Осыған орай бұл проблемалар мәдени-мұра бағдарламаларында да кеңінен қолдау тауып, ғылымда өз орнын таба бастады. Талай-талай қоғамдық, әлеуметтік құбылыстарды басынан өткерген қазақ халқының көнеден келе жатқан өзіне тән ойлау жүйесі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы барлығын айғақтайтын фольклорлық мәдени мұралары халықтың рухани қазына тірегі болары айқын. Халықтың аңыз-әңгімелері, жыр-дастандары, ондағы халықтың дүниетанымы мен көзқарастарының күрделілігі арнайы зерттеулер жасап, сараптауға лайықты.

Фольклорлық туындылардағы философиялық ой-танымдарын жаңғырту, оған ғылыми дәйекті тұжырымдар жасау өзекті мәселе. Осыған байланысты фольклорлық шығармалардағы философиялық ойдың тереңдігін, өзектілігін ескере ортырып, халықтың ойлау табиғатына талдау жасау қажеттілігі де өзекті. Осы тұрғыда аталған мақалада қазақ халық философиясының болмыстық тегі мен танымдық негіздері байыпталады. Ізденісте қолданылған негізгі тәсілдер тарихилық пен логикалықтың бірлігі және гносеологиялық салыстырмалы зерттеу мен талдау. Зерттеу қорытындылары фольклордағы философиялық таным түсініктерді анықтауда халықтық дүниетаным қалыптарына сүйене отырып, деректемелік негіздерді нысанаға алумен өзіндік әдістемелік ерекшеліктерді көрсетеді. Қоғамдық санадан орын алған фольклорлық туындылар оның шығу тегі мен белгілі бір мақсаттарда қалыптасуы және мәдени-рухани байлық көзі ретінде танымдық сипатын саралауға мүмкіндіктер берді.

**Түйін сөздер:** фольклор, руханилық, халық философиясы, дәстүрлі мәдениет, ауызша мәдениет, этика, эстетика.

Amirkulova Zh.A.<sup>1</sup>, Ryskieva A.A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Associate Professor, Candidate of Philosophy.s., Kazakh National University al-Farabi,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

<sup>2</sup>Candidate of Philosophy.s., Department of Foreign Languages and translation of Zhetysu State University  
named after I. Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: abuaymjan@gmail.com

### Ontological genesis and epistemological foundation of kazakh folk philosophy

In recent years, increasing the relevance of the scientific interpretation of the ontological existence of the Kazakh people, its philosophy and world view through the works of folklore. Therefore, this issue has found broad support in the programs of the cultural heritage, finds its place in science. Kazakh people, who survived not a few public, social phenomenon, has a long-standing system of thinking, worldview, this show works of folklore, which is the basis of spiritual heritage. Legends, stories, poetry, a complex ideological system worthy of special studies and analysis.

The revival of the philosophical ideas in the works of folklore, the creation of science-based conclusions is an actual problem. In this regard, in the depth of philosophical thought in the works of folklore becomes relevant and the nature of thought analysis. From this position, the article deals with the on-

tological and epistemological foundations of the genesis of the Kazakh people's philosophy. The main approaches used in the study are the unity of historiography and logic, as well as comparative study and analysis. The results of the research show that the philosophical knowledge of folklore, based on peoples' vision and taking into account the data, reflects the original methodological features. Folklore works that take place in the public consciousness, its origin and formation for certain purposes as a source of cultural and spiritual wealth, made it possible to analyze the cognitive nature of folklore.

**Key words:** folklore, spirituality, philosophy, people, traditional culture, oral tradition, ethics, aesthetics.

Амиркулова Дж.А.<sup>1</sup>, Рыскиева А.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.филос.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

<sup>2</sup>к.филос.н., кафедра иностранных языков и переводческого дела Жетысуского государственного университета имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: abuaymjan@gmail.com

### Онтологический генезис и гносеологические основы казахской народной философии

В последнее время возрастает актуальность научной интерпретации онтологического бытия казахского народа, его мировоззрения и мировосприятия через произведения фольклора. В связи с этим, данная проблема нашла широкую поддержку в программах культурного наследия, находит свое место в науке. Казахский народ, который пережил не мало общественных, социальных явлений, имеет давнюю систему мышления, мировоззрение, этому свидетельствуют произведения фольклора, являющиеся основой духовного наследия. Легенды, рассказы, поэзия, сложная мировоззренческая система достойны специальных исследований и анализа.

Возрождение философских идей в произведениях фольклора, создание ему научно обоснованных выводов является актуальной проблемой. В связи с этим, учитывая глубину философского мышления в произведениях фольклора актуальным становится и анализ природы мышления. С этой позиции в статье рассматриваются онтологический генезис и гносеологические основы казахской народной философии. Основными подходами, используемыми в исследовании, являются единство историографии и логики, а так же сравнительное изучение и анализ. Результаты исследования показывают, что философское познание фольклора опираясь на мировоззрение народа и принимая во внимание данные отражает оригинальные методологические особенности. Фольклорные произведения, имеющие место в общественном сознании, его происхождение и формирование для определенных целей как источника культурного и духовного богатства позволили сделать анализ познавательный природы фольклора.

**Ключевые слова:** фольклор, духовность, философия народа, традиционная культура, устное творчество, этика, эстетика.

### Кіріспе

Мәдени таным-түсініктеріне айналу жолы халық аңыз-әңгімеге, ертегілердегі ішкі астарлы ойлау жүйесіне талдау жасаумен пайымдауға болады. Аңыз-әңгіме, ертегі, эпсана, миф тағы да сол сияқты дүниелер қара сөзбен баяндалатын, белгілі бір оқиғаны жеткізу мақсатында шығарылған фольклорлық туындылар екені белгілі. Қазақ философиясының қыр-сырын зерттеп, ойлау жүйесінің тереңдігін, оның ішкі мәні мен астарлы ой құбылысының ерекшелігін көптеген еңбектердегі пайымдаулар мен тұжырымдар арқылы танимыз. Қазақ ертегілері, жыр, аңыз-әңгімелер мен мақал-мәтелдерінің сыйымдылығы мен астарының күрделілігі кімді болса да тәнті етеді. Айтылғанда қазақ мақал-мәтелдері, ертегі-жырлары қарапайым болып көрінгенімен, өте нәзік, күрделі ойдың

жүйесін аңғартады. Бірінші жағынан алғанда кәдімгі ұқсас тілдік құбылыс екенін көрсетсе, екінші жағынан алғанда логикалық бірліктер ой қорытындыларын, үшіншіден алғанда астарлы ойдың көркем бейнесі жарқын, нақты болып келуінде. Осындай себептермен философ-ойшылдардың сөздердің айтылу құбылысындағы ойдың мәнін танытуы арқылы халықтың танымдық қабілетінің өзіндік ерекшелігін көрсете алған. Халықтың ойлау жүйесінің үлгілері өте ерте замандағы тіршілік тынысынан тұрмысқа орайласудан әдет-ғұрыптарымен байланысуынан, мысалы, «Тегін адам таз болмас», «Ерді кебек ішінде таны» т.б., яғни түп тамырын алғашқы қауымдық құрылыс кезінде болған құбылыс ретінде танытады. Айтылған қарапайым сөздің құпиясы өте ертеде жасөспірім баланы сынап, оны дәріптеу үшін, басты шарт жеткіншек ұлдың шыңдалу сәтінен басталатын

түрлі қиындықтарға кездесіп, оны ақылмен, абыроймен өткеріп шығуына байланысты, көптеген жырларда, аңыз-әңгіме, ертегілерде айтылатындай ер жетіп, батыр болудың бастапқы сатыларында тұрған ұлды елдің тануы үшін басты шарт өзі де, өзге де сенетіндей дәрежедегі инициациядан (кәмелеттік сынау) өтуі. Мұндай кәмелеттік сынақ олардың орасан зор қиындықтарға душар болып, естерінен танарлықтай жағдайда болуымен, амал-айла, әдіс-тәсілдермен мұраттарына жетуі. Сол кездегі дәуір талабына сай халық қалыптастырған этикет-талаптарына лайықты іс-әрекеттер жасау сияқты салттардың болғанын танытады. Оны кез келген фольклор туындыларынан байқауға болады. Мысалы, халықтың ең көне эпос-жырының бірі дүниеге келгеніне кемінде мың жарым жылдан астам уақыт өткен «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуды» айтуға болады. Жырдың көптеген нұсқалары бар, барлығында да Қозы Көрпештің, Баян Сұлудың ауылына тазша бала кейпіне еніп, өзінің кім екенін білдірмеудің амалын жасағанын көрсетеді. «Тегін адам таз болмас» – сөзінің ішкі мәні сол кездегі қажеттіліктен туған таным-түсініктің нышаны. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде дамудың өзіндік көрінісі сияқты, ертеде қалыңдығының еліне барған күйеу жігіт міндетті түрде кепеш киіп, тазға ұқсап, өзінің өңін білдірмей бару, салты болғанын айтады. Осыған орай халықтың арасына тараған сөз тіркестерінің өзіндік құпиясы, астарлы мәні осыны ұғындырады. Сол сияқты Алпамыс жырында да, өзін танытпау үшін диуананың киімін киіп келуі, яғни «Ерді кебенек ішінде таны» – кебенек кебін емес, аман болса оралар, келер деген мәнді білдіріп тұрғаны анық, әрі ердің ісіне, қабілетіне қарап бағалау керек деген сияқты ойдың нышаны, өсиет ретінде танылып тұр. «Ерді кебенек ішінде тану» кісінің кісілігін байлығы мен билігіне қарап емес, діліне, рухани тазалығы мен биік санасына қарап бағамдау. Ертедегі Түркілердің ділі мен дүниетанымы бойынша адалдық, батырлық, кісілік басты қасиеттер болып саналып, алтыннан адамды, сансыз байлықтан азаматтықты жоғары санау да «Ерді кебенек ішінде тану» сөз тіркесінің мән мазмұнын аша түседі.

### Негізгі бөлім

Халық фольклорында өмір тіршілік, адамдар қарым-қатынасы жайлы түсініктер бірте-бірте терең ұғымды қалыптастыра келе, бүкіл халықтың ойлау жүйесінің өзіндік ерекшелігін орнықтырған. Халық өзінің қарапайым ойлау

уы негізінде, күрделі, астарлы ойдың негізін қалыптастырған. Яғни, барлық фольклорлық туындыларды алып қарасақ, онда философиялық ойлау негізінде қалыптасқан дүниетаным үрдісінің нақтылы жүйесі барлығын танытады. Яғни, өмір сүрген қоғамына орай халықтық ой-сана қалыптасып, өзіндік таным-түсінігіне негіз болғанын аңғартады. Фольклор туындыларында өмірдің барлық жағына қатысты құбылыстар туралы айтылып, философиялық ойдың негізінде ұғымдары, таным-түсініктері орнықтырылған.

Кез келген фольклорлық туындылардың мазмұнында халықтың мүддесіне орайласқан дүниетаным өзегі, түсінік қалыптары мен этикалық ғұрыптарының көрінісі суреттелінеді. Дүниетаным түсініктері, этикалық ғұрыптары болса да сол кезең қалыптастырған сананың көрінісі ретінде космогониялық ұғымдармен тығыз байланыста болғанын аңғартады. Мысалы, қағандарын «Тәңірден болған» немесе «Тәңірі сүйген» деген сияқты ұғымдармен орайласып, олардың үстемдікке басымдығын танытады. Кесек мінсіз бейнелер фольклор туындыларында жасалынған түйін терең философиялық тұжырымдар. Фольклор туындыларында халық арман-аңсарының тіршілік тағдырының көрінісі ретінде барлығы ақиқат деген ойды пайымдатады.

Ғарыштық таным-түсініктің тірегі – Тәңірге деген сенім. Ғарыштық таным-түсінік халықтың арман-аңсарының орындалуына, тіршілігіне, өзінің ықылас-ниетінен туған ойдың көрінісімен байланысты келеді. Тәңірінің мейір шапағатына немесе қаһарына ұшырау, өзінің тіршіліктегі іс-әрекетімен орайласқан ішкі дүние құбылысы ниетіне лайықты деп сену қалыптасқан. Мысалы, «Ханыңды таста, бағыңды, бағыңғаның үшін (басқаға) тәңірі (сені) өлімші етті, түркі халқы қырылды, әлсіреді, жойылды, түркі-сір халқы жерінде тіршілік қалмады» [1, 5 б.].

Фольклорлық туындылар тұрмыс-тіршілік негізіндегі пайда болған дүниелер ретінде философиялық ойдың түрлі даму сатысындағы түсініктерден тұратынын көрсетеді. Әлеуметтік, материалдық, рухани сарын-мотивтерді көрсете отырып, олардың қарама-қайшылықтары негізінде қалыптасқан ойдың даму сатысының желісін пайымдатады. Эпос, жыр, ертегідегі батырлардың іс-әрекеті, олардың мұратына жетуі халық мүддесіне орай өрбіп, сол заман салтындағы қалыпты шарттарды ұғындыра жеткізеді. Яғни, әлеуметтік, тұрмыстық қатынастар тікелей көрсетіліп, белгілі бір көркемдік ой заңдылықтарына сәйкес беріліп

отырғанын анықтайды. Тіптен қазіргі кездегі біздің түсінігімізге оғаштау көрінетін қайсыбір ұғымдар көне дүние адамдарының наным-сеніміне, танымына лайық туған ойдың нышаны екендігін де пайымдатады.

Фольклордағы халық қалыптастырған таным-түсініктер негізі: табиғат, өмір, қоғам жайлы болған. Халық өзінің болмыстық тегінен басталып өрістейтін таным-түсінігін өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне лайықты қарапайым да күрделі құбылыстарға дейін орнықтырады. Фольклор туындыларының кез келгеніне зерделей қарайтын болсаңыз, барлығында да адамға, өмірдегі табиғатқа, тіршілікке негізделген дүниелік көзқарастары айтылып отырады. Өз кезеңдеріне лайықты халықтың таным-түсінігі қалыптасқанын, онда жаратылыс адам, тіршілік сияқты өмірінің барлық қыр-сырына лайықты құбылыстар жайлы айтылып, өзіндік ой-сана анықталған. Өзіндік ой-сана көріністері философияның негізгі ұғымдары болып саналған сұлулық, бақыт, батырлық т. б. сол сияқты түсінікпен қалыптасып отырғанын танытады. Мұның барлығы философиялық туындылар ретінде халық арасына кең тараған аңыз-әңгіме, эпсана мен жыр, эпостарда айқын көрінеді. Мұндай фольклорлық туындылар халықтың рухани болмысында ұлттық дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуына ерекше орын алғандығын көрсетеді. Халық шығармашылығының өзегі ретінде ертеден қалыптасып орныққан мұндай дүниелер халықтың тәрбиешісі ретінде терең ойға жетелеп, тәрбиелейді.

Кез келген фольклорлық туындылардың негізінен үш түрлі ерекшелік қасиетін тануға болады. Ол – фольклорлық таным, фольклорлық ақпарат және тәрбиелік қызметтері. Себебі, өмірдің суреттері мен ондағы тыныс-тіршілікті шынайы бейнелеу арқылы адам дүниесінің мақсатты нысанын айқындай отырып, оның мән-мағынасын ұғындыру арқылы ақпараттық дерегі көрсетіледі де, таным-түсінік берумен, тәрбиелік мәнділігін анықтайды. Яғни, белгілі бір кезеңдегі оқиға желісі бойынша айтылатын аңыз-әңгіме немесе жырда тіршілік-тынысына байланысты оқиға суреттелінеді, оны баяндау барысында көркемдік тәсіл арқылы оқиға баяндалып, ондағы қиялды ойдың өрбуімен шынайы суреттер желісі көрініс табады. Әрине, мұның барлығы фольклорлық дүние табиғатына сай лайықты айтылады. Аңыз-әңгімеде, жырда сол кезеңге лайықты таным-түсінік бойынша дерек беруімен, батырдың немесе білгілі бір

кейіпкердің іс-әрекетінен негіз алатын мінез-құлықтары, жер-су атаулары, табиғат көріністері, жан-жануарлардың ерекшелігі туралы айтылып халықтың ойлау жүйесі негізінде анықтап танытады. Мұның барлығын фольклорлық туындының бітім-қасиетін, оның әлеуметтік ортасын тануға лайықты дерек көздері деуге әбден болады.

Аңыз-әңгімелерде, эпсана, батырлық жырларында кездесетін адамгершілік, ерлік, сүйіспеншілік, әділдік сияқты түсініктер философиялық таным негізінде ұғындырылып жетіліп отырған. Өз кезінде М. Горькийдің «Миф пен эпоста бүкіл елдің, халықтың бірлескен ой-санасы, шығармашылық қызметі бар» – дегені айтылған ойымыздың дұрыстығын дәлелдей түседі. Фольклорлық туындылар халықтың ең көне ой-санасының негізінде көрініс тапқан таным-түсініктерінің үлгісі. Фольклорлық таным-түсініктер халық санасының ерекшелігін көрсетуімен өзі тіршілік еткен дүние сырларын ұғынуға, танып білуге, оның құпия сырларын аңдауымен оның құдіретін, қуатын сездіреді. Қазақ халқының белгілі ғалым академигі Ә. Марғұлан да «Халық шығармашылығын туғызудағы негізгі мотивтер арқылы берілетін түрлі таным-түсініктер ойлау жүйесінің өз кезеңіне тән көрінісі, дәрежесі» деп түсіндіреді [2].

Фольклорлық туындыларда ерекше эсер ететін әрі бүгінге дейін өзіндік мәнге ие болған таным-түсініктердің бірі – адам өзін табиғаттың ажырамас бір бөлігі ретінде көрсетуімен, оның тылсым күштеріне қарсы өзіндік түсінік қалыптастырып, құпиясын танудың амал-әрекетін қарсы тұрудың жетілдіруі. Табиғаттың құпия сырлары дүниенің тылсым қуатын танып-түсінудің оған деген қарым-қатынасының ерекшелігін танытумен, яғни табиғаттың тылсым дүниесі құпиясы мол киелі деген сияқты түсінікті қалыптастырады. Фольклорлық туындыларда айтылғандай халықты құпиясы мол дүние туралы таным-түсініктерінің негізгі өзегіне айналған. Мысалы, табиғат пен адам тұтастығының көрінісі – тотемдік түсініктер, яғни адам мен дүниенің шығу тегіне лайықты биологиялық сипаты. Қазақ халқында күні бүгінге дейін қасқырдың атын атамай «ит-құс», «бөрі» деп айтады, себебі қасқырды пір тұту, өзінің тегін қасқырмен байланыстыру, оны құпия күш, киелі санау сақталған. Орыс халқының ғалымы Е.М. Мелетинский ежелгі классикалық фольклор туындыларының белгілерін былай түсіндіреді: «не нәрсенің де мәнін, оның түп тегінен сабақтастыра зерделеу,



не нәрсенің де жаратылысын түсіндіру үшін, оның қалай жаралғанын әңгімелеу; дүниені сипаттау үшін, оның әу бастағы тарихына ден қою» [3, 172 б.]. Осындай талғам-талап тұрғысынан қарағанда, қазақ халқының аңыз-әңгіме, жырларында қалыптасқан таным-түсініктерді ежелгі классикалық туындылар ретінде санауға болады. Себебі, кез келген фольклорлық туындылардағы танымдық, көркемдік, оқиғалық желістері қарапайым. Осы желістері негізінде қалыптасқан таным-түсініктері халықтың ойлау жүйесінің өзегіне айналғанын айғақтайды. Күні бүгінге дейін аңыз-әңгіме мен жырларда айтылатын адам мен табиғат біртұтастықта деген түсініктер әлі де өз мәнін жойған емес. Кез келген аңыз-әңгіме мен жыр желістерінің өзіндік дербес себепті сипаттары бар дей тұрғанмен, аңыз бен жырдағы нақтылы тіршілік тынысы болған оқиғаны арқау етіп, оның мазмұнын кезеңіне лайықтап айтып жеткізеді. Яғни, себептілік мәні туралы дерек беруімен, сол кезеңге тән адамдардың дүниетіршілік туралы таным-түсінігін айғақтайды. Дәлірек айтқанда, аңыздың себептілігі ежелгі адамдардың тіршілік-тынысы туралы таным-түсінік өрісінің айғағы.

Қазақ фольклорының тарихи танымдық, әлеуметтік, рәміздік-идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне қатысты жазылған еңбектерге сүйене отырып тақырып бойынша берілген халық даналығындағы ой кешу үрдістері, ондағы философиялық пайымдау дүниетанымның төл ерекшеліктерін ашып анықтау барысында түйінді ойлар мен дәлелді тұжырымдардың мол екенін айтуға болады. Көптеген ғалым-философ зерттеушілердің қай-қайсысы да түркі-қазақ халқының дәстүрлі көшпелі тіршілігінде фольклордың айрықша рөлі болғанын, халық даналығындағы өзіндік ой кешу үрдістерінің ұлттың таным мен әлеуметтік-рухани тағдырына ерекше ықпал еткенін қуатты болғанын терең ұғына отырып іргелі зерттеулер жүргізіліп жатқанын айтуға болады. Нақтылы фольклорлық туындыларға қатысты ғалым-философ зерттеушілердің, оның ішінде батырлық жырларға, аңыз, эпсаналарға тоқталып, ондағы философиялық ой-тұжырымдарды түстеп танып, ұлттық төл табиғатын ұғындыруға тырысқан еңбектерді ерекше атауға болады.

Халық фольклорының өзіндік төл сипаты жөнінде, олардың пайда болуы, қалыптасуы тарихи-танымдық, деректілігіне қатысты Х. Арғынбаев, Ә. Марғұлан, М. Әуезов т. б. сияқты ғалымдардың толымды еңбектері ерекше. Бұл ғалымдар халық фольклортану

туындыларындағы философиялық ойдың ерекшеліктерін жаңа қырынан өзіндік деңгейге көтеріп, теориялық жағынан тың ізденістерімен танытты. Бұл орайда философиялық ойлаудың кезеңдік қалыптасу жолдарын, оның күрделі астарлы сипатын, оның ішінде батырлық жырлардың поэтикасындағы ойдың негіздері жайында және әлеуметтік өмірмен сабақтастыра зерделетіп, оның тек-тамырын таныту арқылы саралатуы, осы еңбектің белгілі дәрежеде мәнін ашуға тірек болғанын атап өткізіміз келеді.

Халықтың өмір салты мен фольклорлық мұрасын сабақтастыра қарастыруда М. Орынбеков, Ж. Молдабеков, Д. Раев, т. б. ғалымдардың үлесі айтарлықтай. Қорыта айтқанда, қазақ фольклорындағы философиялық ойдың, дүниетанымның төл ерекшеліктерін ашып көрсету негізінде аталған ғалым-зерттеушілердің қай-қайсысының да еңбектері тақырыпты талдап жеткізуге ықпалын тигізгенін және тақырыпқа қатысты тікелей түйінді ойлар мен тұжырымдар жасауға септігін тигізгенін атап өткен жөн.

Тақырыпты зерттеу, оның философиялық проблемаларын тану үшін болса да терминдерге, оның мән-мағынасына көңіл қою керектігін пайымдатады. Осыған орай фольклор ұғымына орай зерттелініп анықталатын мәселеге лайықты категориялық-ұғымдық сипатын анықтап алу қажет. Бұл қажеттілік халық фольклорлық мұрасын тудырған әлеуметтік ортаның түп төркінін тануға, ондағы дүниетанымның қалыптастырып төл қасиетін түсінуге мүмкіндік береді. Себебі, тақырыпқа байланысты айтылатын ой-түйіндер терминдерді саралау арқылы ғылыми тұжырымдар жасауға әрі оның мән-мағынасын жан-жақты ашуға көмектеседі. Сондықтан да терминдерді саралау арқылы философиялық ой-танымдарды орнықтыру, оның ұғымдық деңгейін анықтауда септігін тигізеді. «Фольклор» терминінің түп нұсқасы туралы (1846) ағылшын тарихшысы Уильям Томс, кейін (1875) Франция, Испания, Италияда, Ресей ғалымдарында қолдау тапқан. Көптеген елдерде «фольклор» терминін халық туындысының «қарабайыр көрінісі» деп түсіндіреді. Яғни, халық шығармашылығының барлығын фольклорлық туындылардың санатына жатқызуға болады. Кейбір елдерде оның ішінде, Франция ғалымдары фольклорды этнографиямен байланыстыра зерттеуге ден қояды. Л. Томм, А. Краппе, П. Куаро т. б. фольклорды «көпшілікқолды туынды» деп ұғындырады. «Халықтың ауызша шығармашылығы» деп келетін ұғымды Америка ғалымдары оның ішінде, Дж. Вруннер [4],

Г. Брунбанд [5], Р. Бауман [6], А. Дундес [7], т.б. қолданылады. Соңғы кездерде фольклорды «халық дәстүрінің» әмбебап анықтамасы ретінде түсіндіру үрдісі де қарастырыла бастаған [8-11]. В.Я. Пропп, Е.М. Мелетинский, К.В. Чистовтар «фольклор» терминіне тұрақты анықтама бергендей. В.Я. Пропптың айтуынша, «фольклор» деп «дамудың қандай деңгейінде болғанына қарамастан, халықтардың әлеуметтік тіршілігіне тән шығармашылығы» [12] десе, К.В. Чистов: «Фольклор дегеніміз белгілі бір этностың белгілі бір діни сенімдігі, кәсіби өзара бастапқы байланысы, оның тұрмыс-тіршілігінде көрініс тапқан таным тіркестерінің жиынтығы» – дейді [13, 6 б.].

Қазақ халқының фольклортану ғылымында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов бастаған ғалымдардың еңбегінде «фольклор» терминінің орнына «ауыз әдебиеті», ел ақындары сөз тіркестерін қолданғанын көреміз. Фольклорлық туындылардың негізіне байланысты ондағы шығармашылық, әлеуметтік өмір салты халықтың дүниетанымдық тіршіліктің нысанының үлгісі ретінде қалыптасты. Осы «фольклор» терминіне қатысты ой-түсініктен аңғарарымыз, фольклор бір ғана ұғымды, бірқалыпты ғана білдіретін құбылыс емес, яғни әркілі кезеңдегі әртүрлі жағдайларға байланысты өсудің, дамудың үрдісіне лайықты оның түрі мен формасы, қызметі мен құрылымы болғанын, оның өзгеріп отыратынын шындалып, жетіліп отырғанын байқатады. Осыған орай «фольклор» термині негізінен халықтың ойлау жүйесінің, сананың өзіндік ерекшелігімен әлеуметтік тұрмыс-тіршілігіне орай дүниелік көзқарастарының жиынтығы деп те тұжырым жасауға болады. Әрине, мұндай тұжырым аясында халықтың наным-сенімі, салт-дәстүрі, шығармашылық қалыптары барлығын естен шығармауымыз қажет. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында 1942 жылдан қазіргі кезге дейін Фольклорлық зерттеулер журналы тұрақты түрде шығарылып келеді [14].

Осыған байланысты, «фольклор» терминінің философиялық дүниетаным мәселесінде оның тектік ерекшелігі мен мән-мағынасын анықтап, олардың қалыптасу, тіршіліктегі түсінік аясына да көңіл аудартады. Бұл ретте зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей қатысы бар «таным», «әлеуметтік сарындар» және «рәміздік ерекшеліктердің» мәніне тоқталу қажеттілігі туындайды.

Фольклор туындыларындағы философиялық ой-танымдардың қалыптасуымен фольклорта-

нудың жаңа бір кезеңдері басталды деуге болады. Мұндай тұжырымды философ-ғалымдардың еңбектеріндегі қолдану аясынан және антропологтар мен этнограф ғалымдардың VII Халықаралық конгресінен (1964) басталғанын айтуға болады. Осы кезеңнен басталған фольклор жан-жақты тармақтала зерттелініп, олардың төл ерекшеліктері, тарихи-танымдық, әлеуметтік қалыптары, рәміздік деңгейлеріне байланысты біршама еңбектер жарық көрді. Атап айтар болсақ, К.В. Чистовтың [15], Э.В. Померанцеваның [16] еңбектерін, ал қазақ фольклоршылары ретінде М. Әуезов пен Е. Ысмаилов еңбектерін, ондағы ішкі жанрлық жіктеулері, қара сөзбен айтылатын түрлі аңыз-әңгімелер мен ертегі түрлерінің сан-саласы жақтарын айтуға болады [17, 7 б.].

Қазақ философиясының арналы бір саласы ретінде танылған фольклорлық туындылардың танымдық, әлеуметтік және рәміздік ерекшеліктері өз ішінде мифтік, аңыз-әңгіме, жырларға жіктелетіні оларды осылайша саралау негізінде халықтық дүниетаным ізденістеріне мұрындық болды. Осы орайда батырлық жыр-дастандарды зерттеп, оның философиялық мән-мағынасын талдау арқылы ғылыми еңбектердің ондағы ұғымдардың терминдік деңгейде қолданылғанын, мұндай қолданымдар ғалым-философтардың арасында кеңінен қолдау тапқанын атап айтуға болады.

Фольклор табиғаты, оның ғылыми философиялық мәні ойшылдар еңбектерінен басталатыны белгілі. Сол ойшылдардың еңбектерінде айтылғандай қоғамдық сана тұрмыс-тіршіліктен туады, салт-сана, өнер мен түрлі наным-сенімдер туралы таным-түсініктер сол кезеңдегі өмірдің мүддесіне қарай жасалынғанын айтады. Осындай таным-түсініктер негізінде бір жағынан өнерді, шығармашылықты тудырса, екінші жағынан халықтың ой-санасын анықтайтын нұсқаларды жетілдірген. Қай-қайсысын алмасақ та халықтық мазмұнда дамып жетіліп, дамып отырғандығын көрсетеді. Фольклор туындылары жайындағы жасалынған ой-пікірлер мен тұжырымдар философиялық ой-танымның табиғатын дұрыс түсінудің негізгі кілті болып табылады. Ф. Энгельс «Немістің халық кітаптары» атты еңбегінде ауыз әдебиеті үлгілері шаруалар ортасында туатынын оны фольклорлық шығармалар деп танып, халықтық сипат алатынын жеткізеді. «Фольклор халық даналығы деген ұғымды білдіретін неміс сөзі» деген анықтама айтылған ой-пікіріміз бен келтірілген дәлелді тұжырымымызды негіздей түседі [18].

Осыған орай, халықтық ой-танымның негізгі өзегі ретінде танылатын фольклорлық туындылардағы философиялық ойлау ондағы ізденістердің барлығы сан жылдардағы қалыптасқан дүниетанымымыздың көріністері ғана емес, бұдан былайғы даатқарар зерттеулердің тірек көзі болмақ. Төл табиғатымызға жақын өзіндік көркемдік, тағылымдық қуаты бар мәселелерді жете тереңдете тани түсуге болады. Сондықтан да, бүгін зерттеп, танып, көкейімізге қонған ой-пікірлердің бүгінгі таңда ерекше сипатқа ие болып орнығып жатса, нұр үстіне нұр болмақ. Әрине, қандай да болмасын атқарылған ізденістер, келтірілген ой-тұжырымдар өмір сүру үшін қажеттілік деп саналады. Кез келген зерттеу жұмыс бұрын-соңғы жазылған жайдың тереңдетілген жалғасы ретінде танылып таразыланады. Қалай болған күнде де тану үшін, өткенді саралап зерделеу үшін де ізденістер қажет-ақ. Сондықтан да, фольклорлық туындылардағы философиялық ойдың, түсініктің тұрмыс-тіршіліктегі үрдісі қалай қызмет ете алады деген сұраққа жауап іздей отырып, «Таным» терминіне қысқаша түсінік беріп өтсек.

Фольклортанудағы философиялық ойдың танымдық шешімін анықтау үшін тарихи кезеңдердегі берілген халық дүниетанымына лайықты қалыптасқан түрлі жыр, аңыздардағы ұғымдардың сақталуы, айтылуы, тарихи мерзімі, мезгіл мен мекен ұғымдарының типтендірілуі, уақыт пен кеңістік өлшемдеріне барабар түсініктері сияқты танымдық құбылыстарға тоқталамыз. Бұлардың нақтылы шешімі жоқ, дегенмен, жыр, аңыздың астарлы поэтикалық мән-мағынасына талдау жасау арқылы зерделеуді қажет етеді. Яғни, фольклор туындысындағы астарлы ойдың бейнеленуі оны танымдық игеру жолын айқындайтын уақыт пен кеңістік ұғымының аясындағы болмыс-бітімінде екенін саралатады. Осыған орай, ондағы көркемдік ой үлгісінің сюжет, мотив, бейнелеу құралдары арқылы берілген жиынтығын ұққанда ғана іздену үрдісінің белгілі соқпағына жете аламыз. Фольклорлық туындыларда белгілі бір орныққан ереже, қағидалардан тұрмаған, ол ой-ұғымдар тіршіліктің диалектикалық қарым-қатынасының бірлігінен тұратынын анықтайды. Кез келген фольклорлық туындылардың мақсаты – өмірді шынайы тұрғыдан игерудің әдісі және олардың әлеуметтік қызметін танытудағы тағдырын қарастыру деген ой-түйінді ұқтырады. Яғни, осыған байланысты табан тірететін ұғым «таным» оның тегін тектеп, көңілге ұялататын уақыт пен кеңістік аясы.

Сондықтан да философиялық ой-таным үлгілерінің жиынтығын қалай дегенде де «таным» ұғымы түрлі ауқымда негізгі көрсеткіші болып шығады. Біз үшін нақтылы үлгісі зерттеу еңбегінің негізгі тірегі талдау мен тұжырымдама материалдары. Фольклор туындысының мән-мағынасына қатысты түрлі мотивтердің тарихи кезеңдерін, ішкі құрылымындағы, жүйесіндегі көркем ойдың тәсілдері, тіршілік аясындағы қызметі сияқты сұрақтардың қойылуы оның «ойлау тәсілдерінің жиынтығы» деген танымға табан тіретеді. Осыған орай «таным» деген ұғымға нақтылы анықтама беру үшін, белгілі аңыз-әңгімелердің мазмұнына сәйкес өзара қарым-қатынасқа түсетін функционалды қызметі мен жүйелілігін және олардың ішкі-сыртқы тіршілікке сәйкес көркем ой өзгешелігін зерделеу қажет. Осыған орай «функция» мен «жүйе» ұғымдарына да тоқталу қажеттілігі туындайды.

Жүйе – фольклор туындысындағы барлық компоненттердің біртұтастығы. Жүйелілік философиялық ойдың ішкі мәнін құрайтын көркем ойдың органикалық байланысы деуге болады. Осының нәтижесінде көркем туындының өзіндік ерекшелігіне тән қасиеті пайда болады. Жүйе тұйықталған құбылыс емес, ол жекелеген түрлі тұрмыс-тіршіліктің қоршаған ортамен тікелей байланыс. Жүйеліліктің ерекшелігі, ол тұрыс-тіршілікпен қатар қалыптасқан реалды құбылыс. Яғни, фольклорлық туындының өзі тұтастай алғанда түрлі кезеңдердегі белгілі ауқымды құбылыстардың күрделі, табиғи байланыстарынан құралады екен деген тұжырым жасатады. Фольклорды шығармашылық жүйе ретінде қарастыру арқылы өмірді танытатын негізі бар деп ой-түйін жасауымызға әбден болады.

Фольклорлық туындының өзі тұтас тұрған бір құрылымдық жүйе, онда барлығы қамтылады, оқиға желісіне орай адам аттары, істеген іс-қылықтары, жер-су т. б. яғни, көне түсініктер, ұғымдар аңыз-әңгіме жүйесінде белгілі бір оқиғаны баяндай келіп, бүкіл өмірлік кезеңдерді суреттеп береді. Олай болса, фольклорлық туындылар ондағы түрлі кезеңдерге сәйкес философиялық ой-танымдардың қалыптасу, даму кезеңдері диалектикалық қарым-қатынаста, олардың үлгілері мен қызметі тіршілік аясында қалыптасып отыратын құбылыс деп ой-түйін жасаймыз. Фольклор туындыларындағы ой-таным қызметін анықтау үшін белгілі бір мақсатты бағытқа арналған бейнелеу үлгілерінің деңгейіне сүйену керек. Сол арқылы бейнелеу үлгісіндегі нақтылы ойдың шығармадағы

желісіне орай оның қызметін тұтастай жүйе түрінде танып-түсінуге мүмкіндік туады. Мұндай жағдайда ой-таным жеке-дара алынбайды, өзара тіршілікпен біріккен байланысын көрсетуімен маңыздылығын қорытындатады. Мұның барлығы тұтастай алғанда нақтылы бір туындының тақырыбы мен идеясына тиісті қызметін анықтауымен, өзінің кезеңіне сәйкес жүйелілігін танытады. Осыған орай фольклорлық туындылардағы философиялық ойдың танымдық үлгілері бейнелеу құралдары немесе үлгілері арқылы анықталып жүйелі талдау нәтижелеріне жеткізіп көмекші міндет атқара алады демекпіз.

Функция – жүйелі ой-танымның тұрақтылығы мен қарым-қатынасын анықтайды және ішкі ойдың мәні мен мазмұнының көрсеткіші деуге болады. Кез келген фольклорлық туындылардың кейіпкерлері өзінің іс-әрекетімен, тіршілік тағдырымен белгілі бір ретпен функционалды жүйелікпен көрініс табады. Яғни, функция туындыдағы өзінің жан-жақты байланысымен өзінің өзіндік сипатын анықтайды да, шығарманың жүйелілік құрылымын анықтауымен танымдық түсінікке айғақ бола алады. Философиялық таным анықтамасында «функция» уақыт пен кеңістік аясындағы тіршілік тетігіне айналған іс-әрекеттер мен байланыс құралдары болып табылады. «Функция» әлеуметтік ортаға саяси, кезеңдік т. б. құбылыстарға қатысты мән-маңызы зор ұғым. Философиялық танымға қатысты фольклорлық туындылардағы «функция» ұғым ауқымы өте кең. Олар белгілі бір уақыт кезеңін бейнелеуден бастап іс-әрекеттің құбылуы, көркемдік әсері, қарым-қатынас құбылыстарды суреттеуімен әсерге бөлеуі сияқты қызметтерін көрсетеді. Яғни, белгілі бір оқиғаға байланысты кейіпкерлердің әлеуметтік ортаның өзегі болуымен өзіндік сипатын танытады. М. Бахтин де өз кезегінде «көркем туындының даму процесінде шығарма өкілі тарихи поэтиканың бел ортасында тұрады» деген пікір айтылған ой-пікіріміздің дұрыстығына ден қойдырады [19, 233 б.].

Шын мәнінде фольклордан философиялық ой-танымды түстеп анықтау үшін оның болмыс-бітімін айғақтайтын ұғымдар жиынтығына орай сол объектінің ерекшелігін даралайтын іс-әрекеттің шындығын бейнелеп жеткізіп отыратын таным-түсініктің көрінісін зерттеу міндетін айтуға болады.

Халықтың салт-санасын, наным-сенімін танып-түстеуде фольклорлық туындылардың мәні зор. Онда елдің, жердің өткені мен кеткені,

қарапайым ақиқаты жатады. Сондықтан да фольклор туындыларында белгілі бір кезеңнің тарихын тануға көмектесетін көркем ойдың үлгісі жатады. Мұны көптеген зерттеуші ғалымдар бірауыздан мойындап, қадір-қасиетін ерекшелікпен атап өтіп отырған. Мысалы, Ш. Уәлиханов та фольклорлық шығармалардың көркемдік әлемін ғана емес, ондағы халықтың ой-талғам татымын, дүниетанымын түсінудің, зерделеудің ең сенімді құралы екенін айтып кеткен. Ол халықтың әсіресе, қазақ халқының фольклорлық туындыларын айрықша атап өтіп терең сырына бойлап, көптеген ой-тұжырымдарын қалдырған Ш. Уәлихановтың досы өз кезеңінде қазақ халқының мүддесін қорғап әділдік танытқан Г.Н. Потанин де халқымыздың ғажайып фольклор үлгілерін жинап, ерекше ықыласпен атап, оның ішінде «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын әлемдегі фольклор туындысының жауһары деп тұжырым жасаған болса, академик Ғарифолла Есім «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры біздің ұлттық тарихымыздың, жер тарихының, рухани мәдениеттің және дүниетанымымыздың қайнар көзі. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры ұлттық дүниетанымның бастауы» – деп өз пікірін ортаға салады [20].

### Қорытынды

Сонымен, фольклор туындылары халықтың сергек ой-танымын ұқтыратын мәні мен мазмұны терең құбылыс. Ғасырлар бойына сабақтаса жеткен бұл дүниелер саф алтындай. Олар жастар үшін де, қарттар үшін де дүниені танудың биік үлгісі болып қала бермек. Өз кезегінде тәрбиелік-тағылымдық мол мұра үлгісі болып танылған фольклор халықты бақытты болашаққа деген аңыз-арманының көкжиегі болып танылды. Оның қадір-қасиеті қай заманда да болсын арта бермек. Себебі фольклор туындыларында орын алған бейнелер, сарындар әрі тағылым, әрі ой-таным, әрі сұлулықты танудың үлгісі болып халық философиясының негізін анықтап нәрлендіре түседі. Сондықтан да олар халықтың өзіндік ұлттық төл қасиет-қалыптарын танытуымен асыл мұраларының бірі болып қала бермек.

Сан ғасырды артқа салып ең далада тіршілік еткен халқымыз, әрине, сол ата-баба салған сара жолмен, дәстүрмен солар қалыптастырған дүниетаным түсініктерімен сабақталып жалғасады. Кішкентайынан ел ішінде өскен бала, елдегі әңгіме-аңыз, ертегі тыңдап, ата-бабаның таным-түсінігіне қанығып өседі. Жыр тыңдап, ән айтып, күй шерткен ортада өсіп



тәрбиеленеді. Жыраудың бірнеше күн жырлаған жырын тыңдау, ол сол уақыттың талабы, мәні зор тәрбие көзі болған. Осындай ортада өскен бала мен де сондай болсам, елімді, жерімді сүйсем, қорғасам деп құлшынады, рухтанады. Яғни, кішкентайынан құлағына сіңген әннің, жырдың ықпалы оны психологиялық жағынан алғанда дайын елдің азаматы етіп шығарады. Яғни, халықтық фольклор туындылары баланың бірінші өнеге алар, тәрбие берер танымдық дүниесі. Сонымен қатар бала дүниеге келгеннен бастап оған бәсіре тай атап, бес жасқа келгенде тайға отырғызып тоқым қағар той жасап жататын да таным бар. Бес жасында тайға отырған бала он екі, он үш жасында бес қаруын асынған бала-батыр болмай ма? Сондықтан да халық арасында «бала батыр», «бала шешен», «бала мерген» сияқты таным-түсініктер кеңінен айтылады. Жасынан ел ішіндегі болып жатқан құбылыстарға араласып халықтың арман-аңсарын іштей түйсіне өсіп, ертең ержеткенде халықтың ізгі арманы мен зар-мұңын, мақсат-мүддесін айнытпай танып, соған лайықты азаматтық міндетін орындары сөзсіз. Қоғамдық сана оның табиғи түрде қалыптасуы, халықтың өзіндік орнықтырған дүниетанымымен осылайша сабақтасып жататынын көрсетеді. Сондықтан да халық өзінің сан жылдар бойына орнықтырған табиғи таным-түсініктері болғанын оның заңы сияқты қалыптасқанын көрсетеді. Бұл таным-түсініктер қатаң сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Мысалы, батырлар жырында айтылатын «қылыш астынан өткізу», «аударыспақ», «жүрегінің түгі бар» сияқты түсініктер әрине, жасынан көкпар тартып, аударыспақ ойнаған ойындар үлгілерін көрсетеді. Мұндай үлгілер халықтың бала тәрбиелеудегі танымының ең көне түрі. Мұның барлығы халықтық таным-тәрбие, яғни, жаугершілік кезеңнің талабы, өзіндік саяси ойындар түрі деуге де болады. Мақсаты – елін қорғау, жерді қасиеттеу, келешекке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу сияқты маңызды мәселелерді ұғындыру болып табылады. Барлық фольклорлық туындыларда негізгі мақсат – халықтық мүдде.

Осыған орай, батырлық жырларында «ерлік», «батырлық», «қайсарлық», «жігерлілік» сияқты қасиеттерді жиі қолданады. Халықтың аңыз, жырларының құндылығы сол белгілі бір оқиғаны, ондағы кейіпкерді суреттеуімен сол кезеңнің жағдайын анықтап, батырдың бейнесімен азаматтық танымның биік рухын анықтайды. «Ақкөз», «аруақты батыр», «албырт батыр» сияқты ұғымдармен көптеген дүниелік түсініктерден хабардар етеді. Осын-

дай көзсіздікті көріп, естіп өскен бала, ата-бабаның ерлік дәстүріне қанығып, өскен соң сол қасиеттердің өз бойынан табылатынына кәміл сенеді. Осындай таным-түсініктерден сусындап өскен баланың болса да рухы биік, азаматтық борышын адал ықыласпен орындары хақ. Ол еш уақытта тағын, байлығын немесе өлімді, өмірді ойламайды. Сондықтан да қазақ батырларының тайсалмай шапқанынан жау емес, ажалдың өзі де сескенетін сияқты. Оны батырлар жырындағы түрлі теңеулер арқылы танып түстеуге болады.

Қазақ елінің қай өлкесіне бармаңыз жер, су, тау, тас аттарын «қасиетті», «киелі» деп санап немесе «кешегілерден қалған белгі» деп әспеттеп, иіліп жатады. Мұндай таным-түсініктерді қастерлеп-қадірлеу халықтың тарихи жады мен дәстүрінің қуатты болғанын анықтайды. Халықта дүние ділі – дәстүрде деген де таным бар, осы айтылғандардың барлығы да сол қалыптасқан дәстүрдің күдіреті екенінің белгісі.

Халықтық батырлар жырында кездесетін «сырттан», «арыстан», «қабылан», «қыран» т. б. атаулардың негізінде көлденең көз байқай бермейтін тылсымдық күш-қуаттың барлығы сезіледі. Яғни, ескілік таным-түсінік бойынша метафизикалық түсінігінде кие, ал қазір онтологиялық мағынадан бөлек мағынада ұғынылады. Көне ұғымда «арыстан», «сырттан» өрліктің, күш-қуаттың белгісі ғана емес, жер бетіне яғни, ішкі дүние тіршілікті жебеп жүретін киелі құбылысты айтады.

Фольклорлық туындыларда қаншама көрікті ойлар адамзат тағдыры үшін маңызды-маңызды мәселелерге тоқталып, ой салып отырған. Бұл дүниелердің халық арасына кең жайылуының сыры да фольклор туындыларындағы адамзатқа ортақ идеялардың молдығында. Жыр-дастандардың тағы бір танымдық ерекшелігі кешегі шынайы оқиғаларды жырлауында ғана емес, ішкі мәніндегі көркем ойлардың күдіретінде. Ондағы оқиғаларды баяндауда өнегелік таным-түсініктерді ұғындыруымен халықтың дүниетаным күмбезінің күмбірін жеткізе білгенінде. Бұл дүниелерде батырлық, ерлік, байлық, залымдық, адамгершілік сияқты тізбектеліп түзілген суреттер баяндалған. Дүниетаным тереңдігін арттырып тұрған ойлардың нақышына жырлардың негізгі мақсаты мен арманы тым асқақ жатыр. Небір тамаша ойлар тізбегінен тұратын таным-түсініктер жиынтығы халықтың мәдени-философиялық деңгейінің ерекшелігін көрсетеді. Бұдан туындайтын түйін халықтың дүниетанымдық ойларының «Отан», «Туған жер», «Туған ел» сияқты танымдарының қуаттылығында.

### Әдебиеттер

- 1 Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 326 б.
- 2 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар / Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 3 Мелетинский Е.М. Поэтика мира. / 2-е изд., репринт. – М., 1995. – 408 с.
- 4 Bronner Simon J. American Folklore Studies: An Intellectual History. – Lawrence, KS: University Press of Kansas, 1986.
- 5 Brunvand J. H. The Study of American Folklore. – New York, London: W.W. Norton, 1968.
- 6 Bauman R. Differential Identity and the Social Base of Folklore // The Journal of American Folklore. – 1971. – №84 (331). – p. 31-41.
- 7 Dundes A. Interpreting Folklore. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, 1980.
- 8 Propp V. Wagner L. Morphology of the Folk Tale. 1968.
- 9 Burns T.A. Folkloristics: A Conception of Theory // Western Folklore. –1977. – № 36. –p. 109-134.
- 10 Bronner Simon J. Following Tradition: Folklore in the Discourse of American Culture. –Logan, UT: Utah State University Press, 1998.
- 11 Mason B.L. The Orality and Literacy Issue Revisited. Oral Traditions. Columbia, MO: Center for Studies in Oral Tradition, 1998.
- 12 Propp V. Theory and History of Folklore. 1984.
- 13 Чистов К.В. Народные традиции и фольклор: Очерки теории / К.В. Чистов; АН СССР, Ин-т этнографии им. Н.Н. Миклухо-Маклая. – Ленинград: Наука. Ленингр. отд-ние, 1986. – 303 с.
- 14 Journal of Folklore Research. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, (1942-2017).
- 15 Чистов К.В. «Русские народные социально-утопические легенды XVII-XIX вв». – М., 1967.
- 16 Померанцева Э.В. Мифологические персонажи в русском фольклоре. – М., 1975.
- 17 Әуезов М., Ысмаилов Е. Қазақ әдебиеті. Қазақ ертегілері. 3 томдық. – Алматы, 1957. – 1 т.
- 18 Алтаев Ж., Габитов Т., Қасабек А. Философия және мәдениеттану. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2012. – 320 б.
- 19 Бахтин М.М. Проблемы творчества Достоевского. 5-е изд., доп. – Киев, 1994.
- 20 Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.

### References

- 1 Ezhelgi dauir adebyeti. – Almaty: «Ana tili», 1991. – 326 b.
- 2 Margulan A. Ezhelgi zhyr-anuzdar / Qurastyr. R.Berdibaev. – Almaty: Zhasushy, 1985. – 368 b.
- 3 Meletinskiy E.M. Poetika mira. / 2-e izd., reprint. – M., 1995. – 408 s.
- 4 Bronner Simon J. American Folklore Studies: An Intellectual History. – Lawrence, KS: University Press of Kansas, 1986.
- 5 Brunvand J. H.. The Study of American Folklore. – New York, London: W.W. Norton, 1968.
- 6 Bauman R. Differential Identity and the Social Base of Folklore // The Journal of American Folklore. – 1971. – №84 (331). – p. 31-41.
- 7 Dundes A. Interpreting Folklore. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, 1980.
- 8 Propp V., Wagner L. Morphology of the Folk Tale. 1968.
- 9 Burns T.A. Folkloristics: A Conception of Theory // Western Folklore. –1977. – № 36. –p. 109-134.
- 10 Bronner Simon J. Following Tradition: Folklore in the Discourse of American Culture. –Logan, UT: Utah State University Press, 1998.
- 11 Mason, B.L. The Orality and Literacy Issue Revisited. Oral Traditions. Columbia, MO: Center for Studies in Oral Tradition, 1998.
- 12 Propp V., Theory and History of Folklore. 1984.
- 13 Chistov K.V. Narodnyie traditsii i folklor: Ocherki teorii / K.V. Chistov; AN SSSR, In-t etnografii im. N.N. Mikluho-Maklaya. – Leningrad: Nauka. Leningr. otd-nie, 1986. – 303 s.
- 14 Journal of Folklore Research. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, (1942-2017).
- 15 Chistov K.V. Narodnyie traditsii i folklor: Ocherki teorii / K.V. Chistov; AN SSSR, In-t etnografii im. N.N. Mikluho-Maklaya. – Leningrad: Nauka. Leningr. otd-nie, 1986. – 303 s.
- 16 Pomerantseva E.V. Mifologicheskie personazhi v russkom folklore. – M., 1975.
- 17 Aueзов M., Ysmaylov E. «Qazaq avebyeti». Qazaq ertegileri. 3 tomdiq. – Almaty, 1957. – 1 t.
- 18 Altaev Zh., Gabitov T., Qasabek A. Filosofya zhane madenyettanu. – Almaty: «Zheti Zhargy». – 2012. – 320 b.
- 19 Bahtin M.M. Problemyi tvorchestva Dostoevskogo. 5-e izd., dop. – Kiev, 1994.
- 20 Esim G. Qazaq filosofiyasinin taryhi: oqulik. – Almaty: Qazaq universiteti, 2006. – 216 b.